

# Жаңа және қазіргі замандағы Корея тарихы

*Қабылдаған: Ильясова Г.С.*


*Орындаған: Аманқұл Ә.Б.,  
Әмзеева А.Ж.*

# Жоспар


- 1.Кореядағы феодалдық қатынастардың дамуы.**
- 2.Кореядағы моңғол шапқыншылығы**
- 3.Ли династиясы. Ішкі жағдай.**
- 4. Мәдениетінің дамуы.**




- *Кореяда феодалдық қатынастардың дамуы елдің әртүрлі бөлігінде әрқалай, жай дамыды. Ол жартыаралдағы үш мемлекеттің: Когуре, Пэкче, Силла ұзақ күресімен жалғасын тауып отырды.*



- Когуре – 313ж.көне тайпалық одақтардан құралып, аралдың оңтүстік бөлігін алып жатты, Оңтүстік Маньчжурияның аудандарын алып жатты



- Пэкче – 346ж. құрылды, елдің оңтүстік-батыс бөлігін алып жатыр.



- Силла – 356ж. құрылып, елдің оңтүстік-шығыс бөлігін алып жатты.

- Кореялықтар алғаш рет моңғолдармен қидандардың аралға басып кіруімен байланысты қақтығысты. 1125ж. Ляо қидан мемлекеті жойылып, чжурчжендердің Цзинь мемлекетіне қарады. Моңғолдардың чжурчжендердің мемлекетіне тегеурінінен 1115ж. әлсіреп, маньчжуриядағы өз иеліктерінен айырылды. Ляодунде тұратын қидандар Ляо мемлекетін қайта құрып, Да-Ляо – Ұлы Ляо деп атады. 1116ж. қидан отряды Ялу өзенінен өтіп, Коре королдығының солтүстік-батыс бөлігінен ене бастады. Коре королдығы басқарған – Цой Чхун Хэн қидандарға қрасы күресу үшін моңғолдардан көмек сұрады. Шыңғысхан мұны пайдаланып, аралға өз әскерлерін жіберді. Осы кезден бастап, Коре мемлекетінің ішкі ісіне моңғолдар араласа бастады. 1231жылы моңғол өкілінің өлтірілуі, моңғол әскерлерінің Моңғолияға шабуылына түрткі болды. Моңғол феодалдары Кореяны түгелдей бағындыруды ойлады. Келесі екі онжылдықта Кореяға 4 рет моңғолдар басып кірді. 1270ж. моңғолдар мен корольға қарсы халық көтерілісі шықты. Мұнымен шайқасу үшін король моңғол көмегіне сүйенді. Квельпарт аралына бекінген көтерілісшілер 1273 жылы 3 жыл бойы күресіп, жеңіліске ұшырады.


1389 жылы «жаңа партияның» басында тұрған Ли Сон Ге король тағына Коре династиясының соңғы өкілі Конъянды қойды. 1392 ж. сарай гвардиясы офицер төңкерісшілер тобының арқасында Конъян тақтан құлатылып, Ли Сон Ге король болып жарияланды. Содан бастап, Кореядағы Ли (И) династиясы билігі басталды. Бір жылдан соң, мемлекеттің аты өзгерді, енді бұрынғысынша Чосон деп аталды. 1396 жылдан бастап, оның астанасы Ханъян қаласы, қазіргі Сеул болды. Жаңа король Ли Сон Ге өз өкіметін сақтау үшін «жаңа партияның» талаптарын орындауға ұмтылды. Ол феодал ақсүйектердің ірі жер иеліктерін тәркілеп, ұсақ және орта поместьелік дворяндар арасында бөліске салды. Соның нәтижесінде жаңа патша елде үлкен ықпалға ие болып, Ли династиясы бекіді.



- XVI-XIX ғғ. аграрлық қатынастар Кореяда помещиктер арқылы өсті. Сол үшін осы жерлерден көптеген салықтар алынды, бірақ көбіне помещиктер оны төлеуден бас тартты. Осы жағдай халықтың халінің нашарлауына және қайыршылыққа әкеп соқтырды. Салық жинаушылар халықтан салық төлемегені үшін олардың астықтарының жартысынан көбін алып келіп отырды. Сонымен қатар жерге деген салық қана емес, басқа салық түрлері де өсті. XVII ғ. ортасында жаңа салық түрі енгізілді, күріштік әскери салық, маталы әскери салық және т.б. 40-50 түрі енгізілді.



« сянин » -  
жай адамдар –  
оларға  
шаруалар,  
ұсақ  
саудагерлер



« ченин » бұған  
күлдар кіреді.  
Оларға «грязныли» -  
бұған түрмедегілер,  
гейшалар, дала  
сыпырушылар және  
жалшылар кірді.





# *Әкімшілік жағынан Корея сегізге бөлінді:*

Чунчйондо

- Коквандо

Кйонгидо

Чжоллодо

- Кионсандо


Хвангэдо

- Хамгейондо
- Пхйойандо



# Тәуелді Корея

- *Ең бірінші болып Корея елін отарлаған ел Моңғол халқы болды. Корея елі 80 жыл бойы тәуелсіздік жолында күресті. Кейіннен моңғол елі әлсіре бастады. Осы сәтті жақсы пайдаланған Комин патша XIV ғасырдың жартысында өз елін тәуелсіз ете алды.*
- *Орыс-жапон соғысы біткеннен кейін Жапония Кореяны отарлай бастады. Алдағы 35 жылды (1910-1945) Корея Жапондықтардың билігімен өткізді.*
- *Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Жапония қатты әлсіреп өз отарлауын тоқтатты. Осы сәтті жақсы пайдаланған КСРО мен АҚШ Корея жерін екіге бөліп алды.*








# Тәуелсіз Корея

- 1948 жылы Корея өз тәуелсіздігін алып екіге бөлінді.
- **Солтүстік Корея (Корей Халық Демократиялық Республикасы)**
- 1945 жылы Кореяны АҚШ пен КСРО бөліп алды.
- Тәуелді болған Корея бостандықты қалады. Сол себепті өздерінің билігін жүргізе бастады. Комитет басшысы Ким Ир Сен болды. 1948 жылдың 9 қыркүйегінде Солтүстік Корея кеңес үкіметінен КХДР деген атпен бостандық алды.
- Оңтүстік Корея (Корея республикасы)
- 1948 жылы 15 тамызда Оңтүстік Корея АҚШ-тан тәуелсіздігін алып, гүлдене бастады. Корея республикасы енді Республика болуға шешім қабылдады.









# Кореяның бөлінуі



- *1945 жылы Жапонияның Екінші дүниежүзілік соғыста жеңілгенінен кейін, Корея шекарасы екі ауқымды әскери жауапкершілікті аймаққа бөлінді:*
- *Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының бақылауында — 38° паралелінен солтүстікке қарай.*
- *АҚШтың бақылауында — 38° паралелінен оңтүстікке қарай. Осының нәтижесінде 1948 жылы осы екі аумақта қос мемлекет орнады:*
- *солтүстікте — Корей Халық Демократиялық Республикасы*
- *оңтүстікте — Корея Республикасы*



- *Екі ел арасында 1949 жылы қарулы қақтығыстар*
- *1950 жылы Солтүстік Корея жетекшісі Ким Ир Сен Мәскеуде болып, Кеңес Одағының қолдауымен қайтты. Оңтүстік Кореяның «Әскери азат ету» жоспарын Қытай жетекшісі Мао Дзэ Дунмен мақұлданды. 1950 жылы 25 маусымда Солтүстік Корея армиясы оңтүстікке жылжыды. 3 күннен кейін олар оңтүстіктің астанасы - Сеулды алды. Қыркүйектің ортасына қарай бүкіл Жартыарал солтүстіктің қолына өтті. Бірақ 7-ші шілдеде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі Оңтүстік Кореяға көмекке Халықаралық әскерді жіберуге дауыс берді.*
- *Қыркүйек айында БҰҰ-ның әскерлері (негізінен Америка әскерлері) Оңтүстіктерге көмекке келді. Енді оқиғалар кері жаққа қарай тез дамыды. Американдықтар Сеулды алды, 38-ші параллельден өтіп, КХДР-ға басып кірді. Солтүстік Корея апатты жағдайда болды, кенеттен бұл іске Қытай араласты. Қытай жетекшілері АҚШ-қа соғыс жарияламай, Солтүстік Кореяға әскерін көмекке жіберді. Қытайда оларды ресми «халық еріктілері» деп атады. Қазан айында Қытайдың миллионға жуық әскери Ялуцзян өзені шекарасын өтіп, американдықтармен шайқасқа түсті. Майдан 38-параллельде теңестірілді.*





**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
А  
РАХМЕТ**